

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 20 мамырдағы № 243 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 20 маусымда № 13806 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 209 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 29.04.2025 № 209 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрық 01.01.2018 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 18.04.2025 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидалары" туралы Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы

№ 511 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 8 қаңтарда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

"21-1. 01-116-нысан (20-1-қосымша) Жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары шығыстарды есептеуге арналған.

Осы нысан бойынша есепті жасау кезінде "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы Заңын басшылыққа алу керек.

20-1-қосымша сонымен қатар 135 "Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары" ерекшелігі бойынша жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарына арналған шығыстарын есептеу үшін қолданылады."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы Министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2016 жылғы 20 мамырдағы
№ 243 бұйрығына қосымша
Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну
қағидаларына 20-1-қосымша
01-116-нысан

Жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарына арналған шығыстар есебі

Кодтары

Жылы _____

Мәліметтер түрі (болжам, жоспар, есеп) _____

Функционалдық топ _____

Бағдарламалардың әкімшісі _____

Мемлекеттік мекеме _____

Бағдарлама _____

Ерекшелік _____

Қызметкерлер саны	Қызметкерлердің ай сайынғы табысы	Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының мөлшері	Бір айдағы жарна сомасы (2-бағ.х3-бағ.)/100	Бір жылдағы жарна сомасы 4-бағ.х12
1	2	3	4	5
бірл.	мың теңге	%	мың теңге	мың теңге

Орталық атқарушы органның
жауапты хатшысы/ мемлекеттік
мекеме басшысы _____

(қолы) тегі, аты, ә. (болған жағдайда))

Бюджеттік бағдарлама

басшысы _____

(қолы) тегі, аты, ә. (болған жағдайда))

Бас бухгалтер

(ҚЭБ бастығы) _____

(қолы) тегі, аты, ә. (болған жағдайда))